

6D060800 – «Экология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға арналған Ерекеева Светлана

Журсинбековнаның «Қазақстанның табиғи флорасының коллекциясын қалыптастыру үшін Солтүстік Тянь-Шанның дәрілік өсімдіктерін зерттеу мен оларды *in-situ* және *ex-situ*-да сақтау» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшісінің

## ШІКІРІ

**1. Диссертация тақырыбының өзектілігі, зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы.** «Қазақстанның табиғи флорасының коллекциясын қалыптастыру үшін Солтүстік Тянь-Шанның дәрілік өсімдіктерін зерттеу мен оларды *in-situ* және *ex-situ*-да сақтау» тақырыбындағы Ерекеева Светлана Журсинбековнаның диссертациялық жұмысы 2017–2020 жылдары жүргізілген Солтүстік Тянь-Шанның дәрілік өсімдіктерін кешенді зерттеудің үш жылдық қорытындысы болып табылады, перспективті және шаруашылық маңызы бар түрлерді зерттеу, олардың бейімделу мүмкіндіктерін анықтауға, оларды дақыл ретінде өсіруге, сирек кездесетін түрлерді сақтауға, сондай-ақ оларды өсіру әдістері мен технологияларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Докторант зерттеу жұмысын орындауда жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы ретінде қазіргі заманғы ғылым мен практика үшін алынған нәтижелердің ғылыми маңыздылығын дәлелдеді.

**2. Зерттеу мақсатына жету дәрежесін бағалау.** Диссертациялық жұмыс «Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану шикізат пен өнімді қайта өңдеу»: № BR05236546 «Биологиялық алуантүрлілікті сақтаудың тұрақты жүйесі ретінде өсімдіктерді сақтауға арналған ғаламдық стратегияның Қазақстан үшін маңызды ғылыми-практикалық міндеттерін мемлекеттік ботаникалық бақтардың жүзеге асыруы» (2018–2020 жылдар) басым бағыты бойынша зерттеу тақырыбы аясында орындалған.

Докторанттың зерттеу мақсатына жетудегі жеке үлесі келесі орындалған жұмыстардан тұрады: Солтүстік Тянь-Шанның дәрілік өсімдіктері түрлерінің аннотацияланған тізімі жасалынды; Қазақстанның табиғи флорасы коллекциясы үшін жаңа дәрілік өсімдіктер түрі таңдап алынды, және оларды *in-situ* мен *ex-situ*-да сақтау; Солтүстік Тянь-Шанның дәрілік өсімдіктеріне таксономиялық, биоморфологиялық, экологиялық құрамы, экологиялық спектрі бағаланды және интродукциялық зерттеулер жүргізілді: дәрілік өсімдіктер коллекциясын толықтыру үшін перспективті түрлері таңдап алынды.

**3. Ізденушінің алынған нәтижелерге қосқан жеке үлесі.** Ерекеева Светлана зерттеулер жүргізу барысында ғылыми әдебиеттермен танысумен бірге, елеулі далалық және зертханалық ғылыми тәжірибелер жүргізуге қатысты. Ізденуші Венгрияның Этвеш Лоранд университетінің ботаникалық бағындағы зертханасында тағылымдамадан өткен, бұл докторанттың одан әрі халықаралық тәжірибе зерттеу бойынша ғылыми өсуіне ықпал жасады.



**4. Қажетті ақпаратты табу дағдыларын бағалау.** Диссертацияда Ерекеева С.Ж. зерттеуді терең және жан-жақты жүргізуге мүмкіндік берген 284-ге жуық шетелдік және отандық әдебиет көздерін пайдаланды. Докторант мерзімді басылымдардың материалдарын, интернет ресурстарын кеңінен қолданып, ғылыми жұмыстармен жұмыс істеу қабілетін көрсете білді. Автор отырғызу және тұқым материалдарын жинау бойынша экспедициялық сапарларға тікелей қатысқан, ал интродукциялық зерттеулерді Іле Алатауының тау бөктері аймағында орналасқан Алматы қаласы, ҚР ЭТРМ ОШЖДК «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК, өсімдік ресурстары лабораториясында және дәрілік өсімдіктер коллекциялық учаскесінде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді.

**5. Диссертацияда көрсетілген докторанттың белгілі бір білімінің болуы.** С.Ж. Ерекееваның диссертациясы жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде орындалған, аяқталған ғылыми дербес жұмыс болып табылады. Ізденуші зерттеу барысында жалпы қабылданған ресурстану, геоботаникалық және интродукциялық зерттеу әдістерін қолданды.

**6. Докторанттың жарияланымдарын тізімдеу.** Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық идеялары мен практикалық нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда және басылымдарда ұсынылды.

Зерттеу барысында 14 еңбек жарияланды. Соның ішінде 1 мақала Scopus деректер қорына кіретін Journal of Water and Land Development журналында, 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда, 9 мақала халықаралық ғылыми конференция материалдарында жарияланған.

**7. Қорытынды.** Диссертация тақырыбы өте өзекті, мәні мен мазмұны терең, аяқталған түпкілікті ғылыми еңбек болып табылады. Зерттеу жұмысы автордың кәсіби біліктілігі жоғары, көзқарасы айқын, ғылыми ұстанымы берік, теориялық және практикалық білімді терең меңгерген маман екендігін көрсетеді. Ерекеева Светлана Журсинбековнаның «Қазақстанның табиғи флорасының коллекциясын қалыптастыру үшін Солтүстік Тянь-Шанның дәрілік өсімдіктерін зерттеу мен оларды in-situ және ex-situ-да сақтау» тақырыбындағы 6D060800 – «Экология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертациялық жұмысы ғылыми дәрежелер беру туралы ережеде қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Ерекеева Светлана Журсинбековнаның 6D060800 – «Экология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесшісі: б.ғ.д., профессор,  
ҚазЖҒА академигі, ҚР ЭТРМ ОШЖДК  
«Ботаника және фитоинтродукция институты»  
ШЖҚ РМК бас директоры



Т. Ситпаева